

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, II бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, II часть = **Materials of the International scientific and practical conference «Economy and Society in a new reality» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, II part.** – 2023. – Ч.2. – Б.253-257

## **АУЫЛДЫҚ МЕКЕНДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ АГЛОМЕРАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

ӘОЖ 332

*Бодаухан Қайрат, қауымд. профессоры, э.ғ.к.  
Күлке Нұрсұлтан, магистрант  
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана қ.*

Халықтың негізгі тіршілігінің, әл-ауқатының деңгейі мемлекет экономикасының аграрлық секторының дамуына тікелей байланысты. Ауыл шаруашылығы ел тұрғындарын халықтың өмір сүру сапасы мен денсаулығының жағдайы тәуелді болатын өнімдермен қамтамасыз етеді.

Аграрлық сектордың рөлін асыра бағалау қиын. Бұл сала кез-келген мемлекеттің экономикасында стратегиялық орынға ие, өйткені ауыл шаруашылығы азаматтарды онсыз өмір сүруге болмайтын азық-түлік пен қажетті тауарлармен үздіксіз қамтамасыз ететін негізгі өндірістік жүйе ретінде әрекет етеді. Сондықтан аграрлық секторды дамытуды мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің кепілі деп санауға болады [1].

Аграрлық сектордың рөлінің көрсеткіштері ауыл шаруашылығымен айналысатын белсенді халықтың пайызы, сондай-ақ ішкі жалпы өнім құрылымындағы үлес салмағы болып табылады. Бұл параметрлер аграрлық өндірістің жай-күйін көрсетеді. Олар жыл сайын бірқатар факторларға, соның ішінде әлемдік экономикалық саясатқа, сондай-ақ ауыл тұрғындарын мемлекеттік қолдау деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Сонымен қатар, дамыған ауыл шаруашылығы саласы ауыл тұрғындары үшін жұмыс орындарының көбеюіне ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында елдің дамуына қатысты біраз мәселені қамтып, маңызды бағыттарды тағы бір нақтылады. Оның ішінде ауылды жерлердің әлеуетін арттыруға баса назар аударды [2].

Президент ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды екенін айтты. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 1 мыңнан аса ауылдағы

3703 әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысан жаңғыртылғанын әрі бұл жұмыс бұдан ары да жалғасатынын жеткізді. Бұл оң өзгерістер көбінесе тірек ауылдарды дамытуға бағытталған. Аталмыш істер нәтижесі орталықтан шалғайда орналасқан, тірек ауылдарға іргелес елді мекендерге де оң ықпал етуі тиіс деп есептелген.

Бүгінгі таңда, еліміздегі 6454 ауылдық мекендерде 8,0 миллиондай адам тіршілік етуде. Оның 1150-і тірек ауылдар болса, қалған 2327-сі серіктес ауылдар немесе шекаралас елді мекендер санатында. Бүгінгі күні мемлекет тарапынан серіктес ауылдардағы халықтың тіршілік деңгейін, өмір сүру сапасын жақсарту үшін тірек ауылдарды дамыту жөнінде іс-шаралар жоспары дайындалуда.

Президенттің сөзінше, биыл тағы 1,5 мыңнан аса жобаға бюджеттен 143 млрд теңге бөлінбек. Ол ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы іске асырылады. Осыған орай «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынып, ауыл тұрғындарына 5-7 жылдық өсімі 2,5% болатын шағын несие берілімек.

Соңғы уақыттарда елді мекендердегі ұсақ шаруашылықтардың экономикалық мүмкіншіліктерінің шектеулігі, технологиялық процестің артта қалуы, нарықтағы бәсекеге төтеп бер алмайтындығы ашық сынға түсіп, «Ауыл шаруашылық кооперативтерін» құру маңыздылығы айтыла бастады.

Осы тұрғыда мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту арқылы аграрлық саладағы халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу мүмкіншілігін арттыру маңызды болуда. Осы мақсатқа 1 трлн-ға жуық теңге бөлінеді. Оларға құрал-жабдық және техника сатып алу үшін субсидия беріледі. «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» жобалары ауылды дамытуға арналған жаңа тұжырымдамаға арқау болуға тиіс деп белгіленуде.

Кезінде Ауыл жылын жарияладық, «Дипломмен ауылға», «Серпін» секілді бағдарламалар мен жобалар жасалып, мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлінді. Әйткенмен оның нәтижесі көңіл көншітпей отырғаны рас. Өйткені ауылдың ахуалына белгілі бір министрлік жауапты емес. Мысалы, ауылға Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі секілді әртүрлі құзырлы орындардың қатысы бар. Сондықтан бұған Президенттің ауылға қатысты тапсырмаларының орындалуын қадағалап отыратын үйлестіруші мекеме керек. Оның қолында бәрін тексеретін құзыреті болуға тиіс [3].

Қазір елімізде ауыл туралы екі бағытты ұстаным бар. Бірі – болашағы жоқ ауылдарды жабу. Яғни оларды инфрақұрылымы бар ауылдарға қосу. Өйткені, қазір болашағы жоқ дейтін ауылдарда тек зейнеткерлер тұрады. Ал екінші бағыт – осы тірек ауылдар арқылы шағын елді мекендерді сақтап қалу. Бұл жерде объективті, субъективті, тіпті саяси және экономикалық себептер бар. Мысалы, ешкім қалмаған ауылға жол салу, газ тарту – ауылды көркейту ме, әлде артық шығын ба? Және онда кеткен шығынын қайта ақтай ма деген заңды сауал туындайды. Сондықтан ондай ауылдардағы тұратын халықты тірек ауылдарға қоныстандыру анағұрлым тиімді екені айтылады.

Екніші тараптан алып қарастырсақ мұндай ауылдар негізінен шекаралас аймақта орналасқандықтан мемлекеттің қауіпсіздік мәселесі туындайды. Жасыратыны жоқ әлемде жер ресурстары үшін күрес тіптен елең ала түскенін қазіргі геосаби жағдай дәлелдеп отыр. Ал, орта Азиядағы көшбасшы мемлекет Қазақстанның жеріне қызығушылық аса жоғары.

Сондықтан бұл салаға сараптамалық және кешенді зерттеу жүргізіліп, соған сай нақты жол картасы жасалуға тиіс.

Мұнда туындайтын басты мәселе демография және ішкі және сыртқы көші-қон. Қазақстанның ұланғайыр аумағындағы арақатынасы бірнеше жүздеген шақырымдардан тұратын, шашыраңқы орналасқан ауылдардан халықтың үдере көшуі әлі тоқтаған жоқ. Соңғы жылдары орта деңгейдегі қалалық мәртебесі бар мекендердің өзінде ірі қалаларға қоныстану жалғасып жатыр.

2023 жылғы наурыз айындағы статистикалық мәліметтер бойынша 12 миллионға жуық қазақстандық қалаларда тұрады, ал қала тұрғындарының саны 1 наурызға 33 мың адамға артты. Ауылда 8 миллиондай адам бар, мұнда да өсім бар, бірақ қарапайым — небәрі 9 мың адамға ғана артқан, яғни қаладағы өсімнен 4 есеге жуық төмен [4].

Соңғы жылдары қала халқының саны ауыл тұрғындарына қарағанда едәуір қарқынмен өсті және санақ қорытындысы бойынша қала тұрғындарының үлесі 61,2% - ға дейін өсті, алдыңғы санақ деректерімен салыстырғанда өсім 5% -. құрады. Тиісінше ауыл тұрғындарының үлесінің 43,9 пайыздан 38,8 пайызға дейін төмендеуі байқалады [5].

Республика бойынша орташа алғанда тұтынуға пайдаланылған табысы бар ауыл халқының үлесі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен қала халқының ұқсас көрсеткішінен 2,5 есе төмен.

Осыдан-ақ, ауылды мекендерді дамыту бағытындағы мемлекеттік Бағдарламаларға терең ғылыми сараптама жүргізетін уақыт жеткен сияқты. Әсіресе, солтүстік облыстардың бір ауданының халқы Түркістан облысының бір ауылының халқымен шамалас. Ауылдық мекендерді дамыту мәселесі ең өзекті күйінде қалып отыр. Ауылды дамытуға байланысты мемлекеттік бағдарламалар қордаланған мәселелерді толық шешпеді. Мемлекет қаржысының жұмсалуды мен түпкі нәтижесі туралы сараптама жоқтың қасы. Ауылды, әсіресе, шекаралық аймақтардағы елді мекендерді сақтап қалу тек экономикалық тұрғыдан емес мемлекет қауіпсіздігінің басты факторы екені даусыз. Ол үшін:

1. Маңызды тірек ауылдарды анықтауға байланысты атқарылған істерді қайта сараптамадан өткізіп, нақтылы нәтижесі туралы жасалған болжамдарды терең талқылау;

3. Тірек ауылдарды дамытудың экономикалық-әлеуметтік бағыттарын жан-жақты сараптау;

4. Ауылдық мекендердің экономикалық мүмкіншіліктерін есептеу. Мұнда:

- Жекелеген ұсақ шаруашылықтарда өндірістің өсуі үшін жағдай жасаудан гөрі жоғары өнімді ауыл шаруашылығын жаппай дамыту үшін

қазақстандық өнімнің бәсекелестік артықшылықтары есебінен орта құруға көшу. Мұнда, аграрлық саясат өсу моделін өзгертуге, жетілдіруге бағытталатын болады

- аграрлық әлеуетті пайдалануды арттыру, аграрлық білім беруді, ғылымды жаңғырту және ауылдағы өмір сүру жағдайларын жақсарту. Стратегиялық міндеттерді қолданыстағы міндеттерден перспективалы аграрлық міндеттерге көшу ретінде анықтау;

- өсу моделінің өзгеруі: елдің өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуі үшін өндіріс көлемінің ұлғаюы парадигмасынан Қазақстандық бәсекелестік артықшылықтарын іске асыруға көшу және оны Халықаралық еңбек бөлінісіне белсенді енгізу;

6. Сала құрылымын жетілдіру: тең емес бәсекелестік жағдайлардан және жекелеген ұйымдардың үстемдігін нақты қолдаудан шағын және орта шаруашылықтарды мемлекеттік қолдауға қол жеткізу, олардың ірі бизнеспен кооперациясы мен келісімшарт жасасуына, азық-түлік корпорациялары қызметінің ауқымын ұлғайтуға көшу;

7. Аграрлық әлеуетті неғұрлым толық пайдалану: инерциялық модельден пайдаланылмаған ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін институционалдық тетіктерді құруға көшу;

8. Ұзақ мерзімдік тиімсіз қаржыландырудан және нақтылы өмірде талап етілмейтін ғылыми зерттеулерден - бизнес пен тұтынушылар үшін қажетті жетістіктерді алуға бағытталған білім мен ғылымды жаңғыртуға ұмтылу;

9. Ауыл тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер беру қажет: уақытша базалық қызметтер мен ыңғайлылықтармен пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын жаттанды өмір сүру жағдайларынан олардың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа техникалық мүмкіндіктерді пайдалануға көшу. «Қазақстан 2050» стратегиялық бағдарламасында аграрлық сала Қазақстан экономикасының драйвері болуы кекрек деген тұжырым жаслған. Демек, ауыл шаруашылығының дамуы ондағы халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, болашаққа деген сенімін нығайтумен жүзеге аспақ. Әлемде 9-шы орындағы ұлан-байтақ аумақты ел экономикасының негізгі тірегіне айналдыру мақсаты ауылдық мекендердегі тіршілік сапасын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру, бәсекеге қабілетті шаруашылық субъектілерін дамыту арқылы өз нәтижесін беретін болады.

Қорытындылай келгенде, аграрлық саланың, елді мекендердің дамуы тек ауылшаруашылық жерлерінің болуымен ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа факторлармен, ең алдымен, жерлердің сапасымен, тұтастай алғанда аграрлық саладағы экономиканың даму қарқынымен, ауыл халқының өсуімен және т. б. анықталады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аграрный сектор. [Electronic resource]. – URL: <https://www.agroprod mash-expo.ru/ru/ui/17130/>

2. Sasmaz, M., Fogarty Timothy J. Work-life balance in public accounting: An experimental inquiry into supervisor support for subordinate career progression [Electronic resource] / *Advances in Accounting*. – 2023. – Volume 61. (Scopus). – URL: <https://doi.org/10.1016/j.adiac.2023.100646>. – Дата доступа: 14.03.2023.
3. Ауыл және агломерациялық ахуал. Егемен Қазақстан газеті, 7 сәуір, 2023 ж. – URL: <https://egemen.kz/article/339538-auyl-dgane-aglomeratsiyalyq-akhual>
4. Сайт Бюро Национальной Статистики Республики Казахстан. – [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/6>. – Дата доступа: 15.03.2023
5. А. Алдангаркызы. Анализ демографической ситуации населения Казахстана за годы независимости (1991–2021 гг.) [Текст] / А. Алдангаркызы, Г.С. Абдирайымова, К. Бодаухан. // Бюллетень КазНАУ им. Аль-Фараби, - № 1(84), - 2023.